

№ 28 н 03 2020 ж

Педагогикалық кеңесте каралды

Бекітемін:  М.К.Кулсарина  
Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ директоры

Келісемін:  К.Л.Жарымбетов  
Әйтеке би аудандық білім бөлімінің басшысы

2020 ж

Тақырыбы:

« Өнер »

Сыныбы: 9

Орындады:  Күнтуғанов Ж.Б.  
Технология пәні мұғалімі

Ә/Б отырысында каралды:  Саршин М.Б.  
Ә/Б жетекшісі

№ 1 хаттама 06 күні 03 айы 2020 ж

Тексерілді:  К.Л.Аманова  
Оқу ісі жөніндегі орынбасары

## Мазмұндық бөлім

«Өнер» үйірмесі – 34 сағат

9 - сынып, аптасына 1 сағат, барлығы – 34 сағат

### Кіріспе – 1 сағат

Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Қол жұмысының құрал – жабдықтарымен таныстыру.

### Ағаштан және сүйек, сымнан бұйымдар жасау - 10 сағат

Үлгі дайындау, ағаш беттеріне өң беру, күйдіру, әр түрлі сурет бейнесін бейнелеу, көркемдеп ою және өңдеу, бұйымдар жасау.

### Ат –әбзелдерін дайындау –10 сағат

Үлгі дайындау, жүген өру, қамшы өру, ер қаптау.

### Былғарыдан бұйымдар жасау - 11 сағат

Үлгі дайындау, тері өңдеу және илеу тәсілін танысу, былғарыдан бұйымдар жасау, сурет салу, өрім өру, сыйқада жасау.

### Қорытындылау- 2 сағат

Нормативтік бөлім

| р/с<br>№                                                                                   | Сабақтың<br>тақырыбы                                                       | Сағат саны |        |          | Күні,<br>айы | Көрнекілігі                                                                                                                       | Оқытудың<br>әдіс -<br>тәсілдері      |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|------------|--------|----------|--------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|
|                                                                                            |                                                                            | барлығы    | теория | практика |              |                                                                                                                                   |                                      |
|                                                                                            |                                                                            |            |        |          |              |                                                                                                                                   |                                      |
| <b>Кіріспе -1 сағат</b>                                                                    |                                                                            |            |        |          | теория - 1   |                                                                                                                                   |                                      |
| 1                                                                                          | Кіріспе<br>Қауіпсіздік ережелерімен<br>танысу                              | 1          | 1      |          |              | Ережемен танысу                                                                                                                   | Жаңа сабақ                           |
| <b>Ағаштан және сүйектен, сымнан бұйымдар жасау – 10 сағат</b><br>теория -4 , практика - 6 |                                                                            |            |        |          |              |                                                                                                                                   |                                      |
| 1                                                                                          | Ағаш бөлшектерін<br>құрастырып бекітудің әдіс -<br>тәсілдері               | 1          | 1      |          |              | Әр түрлі тактай бөлшектері,<br>технологиялық нұсқау<br>карта, шеге, бұрама шеге,<br>желім, балға, бұрауыш т.б.<br>енбек құралдары | Теориялық,<br>сарамандық<br>жұмыстар |
| 2                                                                                          | Ағаш бетін көркемдеп<br>күйдіру арқылы әр түрлі<br>сурет бейнесін бейнелеу | 1          |        | 1        |              | Фанерге салынған суреттер,<br>слайдтар, бұйым түрлері,<br>технологиялық нұсқау<br>картасы                                         | Теориялық<br>және<br>практикалық     |
| 3                                                                                          | Ағаштан және сым темірден<br>құрастырып ешкі тарайтын<br>тарақ жасау       | 1          |        | 1        |              | Плакаттар, құрал –<br>саймандар, ешкі тарайтын<br>тарақ үлгісі, сызбалар т.б.                                                     | Теориялық,<br>сарамандық<br>жұмыстар |
| 4                                                                                          | Ағаштың қасиеттері                                                         | 1          | 1      |          |              | Ағашты оюға арналған<br>құрал – саймандар, жанышты<br>көркемдеп өңдеу<br>технологиясы түрлерінің<br>плакаттары                    | Теориялық                            |
| 5                                                                                          | Ағаш күйдіріп өрнектеу                                                     | 1          |        | 1        |              | Технологиялық карта,<br>сызбалар, дайын тактайына,                                                                                | Теориялық,<br>сарамандық             |



|    |                                                                          |   |   |  |                                                                                                                                                                                    |                                |
|----|--------------------------------------------------------------------------|---|---|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|
|    |                                                                          |   |   |  | үлгілер, күйдіргіш аппарат, жұмсақ такта, күйдіргіш қағаз, жылтыр қағаз, лак, шетка                                                                                                | жұмыстар                       |
| 6  | Сүйектен жасалған бұйымдар: алқа, әр түрлі сувенирлер, брелок, сыйлықтар | 1 | 1 |  | Қарындаш, сызғыш, жұмыс дәптері, жіп, қалдық сүйектер, жіліктер, жаурын, т.б., қол лобзигі, темір кесетін кішкентай ара, іскенже, егеу, құмды қағаз, әр түрлі оқулықтар, журналдар | сарамандық жұмыс               |
| 7  | Ләйлек – бақыт құсы                                                      | 1 | 1 |  | Жасалатын жұмыстың технологиялық картасы, мультимедиялық проектор, компьютер, 6,8,12мм арматура сымдар, цемент, гипс, еңбек құралдары, электрмен пісіру аппараты, байлау сымы      | Теориялық, сарамандық жұмыстар |
| 8  | Сыйкәделік жылқы мүсінін ағаштан ою                                      | 1 | 1 |  | Терек діңгегі, қайың діңгегі, саз балшықтан жасалған жылқы мүсіні, жылқы суреті, жартылай ойық қашау, ағаш балта, арнайы пышақтар                                                  | Теориялық, сарамандық жұмыстар |
| 9  | Тағам турайтын тақтайша                                                  | 1 | 1 |  | Тақтайшалардың түрлі бағытта жасалған бейнелер, тақтайша жасаудың технологиялық картасы, ағаш өңдеуге арналған құрал – саймандар(электр лобзигі)                                   | Теориялық, сарамандық жұмыстар |
| 10 | Ағаштарды көркемдеп ою                                                   | 1 | 1 |  | Қағаздан ойылған ою                                                                                                                                                                | Аралас сабақ                   |



|                                                                       |                                                            |   |   |   |  |                                                                                                                                                 |                |
|-----------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|---|---|---|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
|                                                                       | және оңдеу                                                 |   |   |   |  | өрнектер, лобзик ара, ДВП материалы, біз, түрлі – түсті суреттер, киіз үй әбзелдері                                                             |                |
| <b>Ат –әбзелдерін дайындау –10 сағат</b><br>теория -5 , практика - 15 |                                                            |   |   |   |  |                                                                                                                                                 |                |
| 11                                                                    | Жүген өру                                                  | 2 | 1 | 1 |  | Ат әбзелдерінің суреттері, сөзжұмбақ, қайыс, пышак                                                                                              | Дәстүрлі сабақ |
| 12                                                                    | Қамшы өру (төрт, алты, сегіз таспа)                        | 2 |   | 2 |  | Ат әбзелдерінің суреттері, сөзжұмбақ, қайыс, пышак, тобылғы                                                                                     | Дәстүрлі сабақ |
| 13                                                                    | Ер қаптау                                                  | 1 | 1 |   |  | Көне, ескерген ер, былғары, қайыс, жіп, біз, ине, шеге                                                                                          | Дәстүрлі сабақ |
| 14                                                                    | Қазақтың ұлттық қолөнері<br>Қазақ ою - өрнектері           | 3 | 1 | 2 |  | Ою – өрнек түрлері                                                                                                                              | Аралас сабақ   |
| 15                                                                    | Қыл арамен жұмыс                                           | 2 | 1 | 1 |  | Интерактивті тақта, араның түрлері, технологиялық карта, қыл арамен жасалған жұмыстар, т.б.                                                     | Аралас сабақ   |
| <b>Былғарыдан бұйымдар жасау – 11</b><br>теория -3 , практика -8      |                                                            |   |   |   |  |                                                                                                                                                 |                |
| 16                                                                    | Өңделген былғарыдан бұйым жасау технологиясы<br>Эскиз салу | 3 | 1 | 2 |  | Алдын ала дайындалған былғары бөлшектері, сувенирлік қамшы, көзілдірік қорабы, қамшы сабы, плакаттар, былғары бөлшектері, ілмек біз, жібек жіп, | Аралас сабақ   |
| 17                                                                    | Былғарыдан брелок жасау және былғары бетіне сурет салу     | 4 | 1 | 3 |  | Теріге салынған суреттер, кітаптар, журналдағы фотосуреттер, былғары, күйдіргіш аппараты, қайшы, тескіш, желім                                  | Дәстүрлі сабақ |
| 18                                                                    | Былғарыдан гүл жасау                                       | 4 | 1 | 3 |  | Суреттер, журналдар, желім, былғары, май шам,                                                                                                   | Аралас сабақ   |

|                                                  |                                            |  |   |  |  |                               |              |
|--------------------------------------------------|--------------------------------------------|--|---|--|--|-------------------------------|--------------|
|                                                  |                                            |  |   |  |  | металл шыбықтар немесе<br>СЫМ |              |
| <b>Қорытындылау-2 сағат</b><br><b>Теория - 2</b> |                                            |  |   |  |  |                               |              |
| 19                                               | Көрме ұйымдастыру                          |  | 1 |  |  | Ережемен танысу               | Аралас сабақ |
| 20                                               | Қолдан жасалған<br>бұйымдарының жәрменкесі |  | 1 |  |  | Алған білімдерін тиянақтау    | Аралас сабақ |

## Ақпараттық әдістемелік бөлім

1. Жұмыс орнын ұйымдастырып, керекті материалдарды ұқыпты үнемдеп, ретімен пайдалана білуге, еңбек мәдениеті мен техника қауіпсіздігінің бастапқы элементтерін меңгереді.
2. Оқушылардың еңбек ету іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.
3. Баланы жалқаулықтан сақтандырады.
4. Оқушыны еңбекке деген шығармашылық көзқарасын қалыптастырады.
5. Баланың өзін – өзі тану қабілетін жетілдіру және оған ықпал жасайды.
6. Халық дүниесін топтастырып, жинап, жүйелеп жіктеп, екшелей іске асыру, заман талабына сай түрлендіре отырып тұтынады.
5. Көне мұраларды жаңғырту, ұлттық өнер үлгілерінің сипатын күшейтеді.
8. Бала еңбегін ынталандыру және насихаттайды.



## Пайдаланған әдебиеттері:

### Балаларға арналған әдебиеттер:

1. Мектептегі технология №1, 2006 , 1/2013 жыл
2. Ою – өрнек кешені С.Қ.Қасиманов
3. Мектептегі технология №5,2004,4/2012, 2/2015 жыл
4. Мектептегі технология №6 , 2010, 7/2012,12/2013 жыл
5. Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Измаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: Оқулық. – Алматы: «Экономика» баспасы, 2011. – 345 б.
6. Елшібаев, Р.Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру, Алматы, 2009.
7. Сейдахметов, А.С. «Кәсіпкерлік» , Алматы, 2011.

### Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

1. С.Қ.Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері – Алматы: «Қазақстан» 1995 – 240 бет
2. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері – Алматы «Өнер» 1996 – 128 бет
3. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. – Алматы:
4. «Шаңырақ» энциклопедиясы.
5. Нәлібаев А. Ағаш ою – Алматы: «Өнер» 1994ж
6. Шокпарұлы Д. Қазақтың қолөнері – Алматы: «Өнер» 2005ж





«КЕЛІСЕМІН»  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
*Шығай* Шыныбаева.Л.С  
«28» 01 2020 жыл

## Күнтізбелік-тақырыптық жоспар, /Шебер қолдар / 7-8 сынып

Пән мұғалімі: Науырызбаева С.К.

## «Шебер қолдар» үйірмесінің бағдарламасы.

### Түсінік хат.

Бұл бағдарлама оқушыларды еңбекке, түрлі өнер бұйымдарын жасауға, ой-өрісін, шеберлігі мен дағдысын арттыруда қазақ халқының өнерін санасына сіңіре отырып, бар затты ұқсата білуге, сол заттың қадір-қасиетін білуге, күнделікті өмірде қолдана білуге көмектеседі.

#### Бағдарламаның мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

#### Бағдарламаның міндеті:

-Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу.

-Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету.

-Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру

-Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүниетанымы, көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті маман жастарды тәрбиелеу, сондықтан сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүниетанымын қалыптастырып үйрету.

Бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты құрастырылған. Сабақтың түрлері: баяндама, лексия, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, сауалнама, кездесулер түрінде, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

#### Күтілетін нәтижелер:

Көркем еңбек бөлімінде ұлттық киім түрлері, әйелдер мен ерлер киімдерін түрлі материалдан қиып жапсыруға үйренеді.

Тұрмыстық еңбек бөлімінде әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіруге үйренеді.

Жұмсақ бейне ойыншықтар бөлімінде жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясына үйренеді.

Жапсырмалау жұмысы бөлімінде қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан ертегілер әлемінен көрініс құрастыруға үйренеді.

Былғарымен жұмыс жасау бөлімінде былғарыны тазалау, бояу, пішу, одан әртүрлі бұйымдар жасау үйретіледі.

Ою-өрнек бастырмалар бөлімінде ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістеріне үйренеді.

Сәндік қолданбалы – өнер элементтері бөлімінде шолпы, алқа, білезік, тұмарша бұйымдарын жасауға үйренеді.

Су моншақ тоқып үйрену бөлімінде моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен кестелеу жұмыстарына үйренеді.

Тоқыма-өнері бөлімінде тоқу әдістеріне үйренеді.

Қазақтың дәстүрлі өнері ою оюды, оны тұрмыста қолдану жолдарына үйренеді.

Бұл бағдарлама қосымша білім беру мекемелерінде әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Оқушыларға арналған қосымша білім берудегі балалар шығармашылық үйінің оқу жоспарына сай үйірменің күнтізбелік жоспарының құрылымына сәйкес 4 сағат, жылдық сағат саны 148 сағатқа дайындалған.

«Шебер қолдар» үйірмесі сабағынның негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады.

Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді.

Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең қолөнерін жасап үйренеді.

Бұрынғы ата-бабамыздың қолөнерін жоғалтпай ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру бүгінгі күнгі басты міндетіміз.

Сондықтан қолөнер үйірмесіне қатысушы оқушылардың алған білімдерін, өнерлерін тек өздері біліп қана қоймай, кейінгілерге үйретеді.



## **«Шебер колдар» үйірмесі бағдарламасының мазмұны**

### **Техникалық еңбек-2сағат.**

Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру.

Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Өртүрлі бұйымдардың маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, эскиздер жасау. **Адамгершілік қасиеттер -4 сағат.**

Шыншылдық, абырой, салауаттылық, жаман әдеттер, жол және өрт қауіпсіздігі, сақтық шаралар, электр құрал-саймандарын пайдалану жөнінде түсініктер. Әдеппен сөйлеу дәстүрі. Отбасындағы әдеп. Табиғи материалдармен жұмыс жасау. Табиғи материалдарды жинақтау, жапсырмалау.

### **Көркем еңбек-4сағат.**

Қолданбалы еңбек халық шеберлерінің еңбек жұмыстарымен танысу. Ұлттық киім түрлері. Әйелдер мен ерлер киімдері. Түрлі материалдан киімдерді қиып жапсыру.

### **Тұрмыстық еңбек-8 сағат.**

Қолөнер көркемдік бұйым материалдарынан әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

### **Жұмсақ бейне ойыншықтар-8 сағат.**

Әр түрлі бұйымдар жасау (жануар, құстар, адам, жәндіктер) технологиясымен таныстыру. Сызба, пішу, құрастыру, тігу, безендіру.

### **Жапсырмалау жұмысы-12сағат.**

Қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан құрастыру. Ертегілер әлеміне көрініс жасау. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

### **Былғарымен жұмыс жасау-8сағат.**

Былғары өңдеу туралы түсінік беру, тазалау, бояу, пішу, онымен жұмыс жасалатын құрал-жабдықтармен таныстыру және қолдана білу. Әр түрлі бұйымдар жасау.

### **Ою-өрнек бастырмалар-14 сағат**

Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

### **Сәндік қолданбалы өнер элементтері -12 сағат.**

Көркем қолөнер технологиясына түсінік. Шолпы, алқа, білезік, тұмарша, бұйымдар жасау.

### **Су моншақ тоқып үйрену-12 сағат.**

Моншақ туралы жалпы мағлұмат, моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен маталар кестелеу.

### **Тоқыма өнері-20сағат.**

Току өнері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Току әдістерін үйрету, дайындау, соңғы өңдеу жұмыстары.

### **Қол тігістері, кестелеу түрлері-16 сағат**

Қол тігістері, кестелеу түрлері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Кестелеу әдісімен бұйымдарды безендіру.

### **Құрақ құрау-8 сағат**

Құрақ құрау жабдықтары. Геометриялық фигураларды қолдану әдісі. Мата қиындыларын топтастыру жұмысын жүргізу. Құрақтан жасалатын бұйымдар.

### **Өртүрлі материалдардан панно жасау-16 сағат**

Панно, оның шығу тарихы, түрлері туралы мағлұмат беру. Панно жасауға қажетті заттар, жабдықтар. Гүлдерден панно жасау.

### **Қорытындылау. Жобалар қорғау. Көрме ұйымдастыру-4 сағат**



## «Шебер қолдар» үйірмесінің күнтізбелік жоспары 7-8 кл

|    | Өтілетін тақырып                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Сағат саны | Теориялық | Тәжірибелік |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|-----------|-------------|
| 1  | Техникалық еңбек.Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.Әртүрлі бұйымдардың маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, эскиздер жасау | 2          | 2         |             |
| 2  | Адамгершілік қасиеттер Шыншылдық, абырой, салауаттылық, жаман әдеттер, жол және өрт қауіпсіздігі, сақтық шаралар, электр құрал-саймандарын пайдалану жөнінде түсініктер. Әдеппен сөйлеу дәстүрі. Табиғи материалдармен жұмыс жасау. Табиғи материалдарды жинақтау, жапсырмалау.                                         | 8          | 4         | 4           |
| 3  | Көркем еңбек.Қолданбалы еңбек халық шеберлерінің еңбек жұмыстарымен танысу. Ұлттық киім түрлері. Әйелдер мен ерлер киімдері. Түрлі материалдан киімдерді қиып жапсыру.                                                                                                                                                  | 12         | 2         | 10          |
| 4  | Тұрмыстық еңбек.Қолөнер көркемдік бұйым материалдарынан әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау                                                                                                                                                       | 12         | 2         | 10          |
| 5  | Жұмсақ бейне ойыншықтар<br>Әр түрлі бұйымдар жасау (жануар, құстар, адам, жәндіктер) технологиясымен таныстыру. Сызба, пішу, құрастыру, тігу, безендіру.                                                                                                                                                                | 6          | 1         | 5           |
| 6  | Жапсырмалау жұмысы.Қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан құрастыру. Ертегілер әлеміне көрініс жасау. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.                                                                                                                                                                | 6          | 1         | 5           |
| 7  | Былғарымен жұмыс жасау.Былғары өңдеу туралы түсінік беру, тазалау, бояу, пішу, онымен жұмыс жасалатын құрал-жабдықтармен таныстыру және қолдана білу. Әр түрлі бұйымдар жасау.                                                                                                                                          | 12         | 2         | 10          |
| 8  | Ою-өрнек бастырмалар.Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау                                                                                                                                                                       | 4          | 1         | 3           |
| 9  | Сәндік қолданбалы өнер элементтері. көркем қолөнер технологиясына түсінік. Шолпы, алқа, білезік, тұмарша, бұйымдар жасау.                                                                                                                                                                                               | 12         | 2         | 10          |
| 10 | Су моншақ тоқып үйрену.Моншақ туралы жалпы мағлұмат, моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен маталар кестелеу.                                                                                                                                                                                                           | 12         | 2         | 10          |

|   |                                                                                                                                                                                            |     |   |    |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|---|----|
| 1 | Тоқыма өнері.Тоқу өнері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Тоқу әдістерін үйрету, дайындау, соңғы өңдеу жұмыстары. | 12  | 2 | 10 |
| 2 | Қол тігістері,кестелеу түрлері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.Кестелеу әдісімен бұйымдарды безендіру            | 12  | 2 | 10 |
| 3 | Құрақ құрау.Құрақ құрау жабдықтары.Геометриялық фигураларды қолдану әдісі.Мата қиындыларын топтастыру жұмысын жүргізу.Құрақтан жасалатын бұйымдар                                          | 12  | 2 | 10 |
| 4 | Әртүрлі материалдардан панно жасау.Панно ,оның шығу тарихы,түрлері туралы мағлұмат беру.Панно жасауға қажетті заттар,жабдықтар.Гүлдерден панно жасау.                                      | 12  | 2 | 10 |
| 5 | Қорытындылау.Жылдық есеп. Жобалар қорғау. Көрме ұйымдастыру                                                                                                                                | 2   | 1 |    |
|   |                                                                                                                                                                                            | 136 |   |    |



«КЕЛІСЕМІН»  
Тәрбиесі жөніндегі орынбасары:  
Шоуф Шыныбаева Л.С

«26» 08 2020 жыл

## Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

/Шебер қолдар /

3-4 сынып

Пән мұғалімі: *Науырызбаева С.К.*



## Түсінік хат

Бұл бағдарлама бүгінгі талаптарға сай қажетті көрнекіліктер мен жабдыкталып іске қосылған кабинетте жүзеге асырылады.

Сонымен қатар дидактикалық материалдар, суреттер, кітапшалар, слайдтар, бейне таспа қолданылады.

Қолөнер үйірмесі сабағының негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады.

Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді

Сонымен бірге оқушы салт – дәстүріміздегі қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екендігін жете түсіне білуі керек.

Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршен қолөнерін жасап үйренеді.

Бұрынғы ата-бабамыздың қолөнерін жоғалтпай ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру бүгінгі күнгі басты міндетіміз.

Сондықтан қолөнер үйірмесіне қатысушы оқушылардың алған білімдерін, өнерлерін тек өздері біліп қана қоймай, кейінгілерге үйретеді.

Қолөнерге қызықтыру үшін кез-келген бұйым туындыларының жасалу құпия тарихын ашып көрсетейік, «Жас келсе іске» дегендей –

### Күтілетін нәтиже.

«Еңбек - ширатады,

Өмір - үйретеді».

«Білім - асыл қазыналы сандық,

Оны ашатын кілті - еңбек».

Қолданбалы қолөнер үйірмесіне 3-4 сыныптардағы оқушыларға арналған бағытта қолөнерге, техникаға бейімі бар оқушыларды жинақтап, үйірме жұмысы жүргізіледі. Үйірме жұмысы 2 бағытта жүргізіледі.

1. Сәндік- қолданбалы өнері

2. Техникалық - шығармашылық өнері

Шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керек заттардың жаңа сан алуан мата, қағаз, былғары, ағаш, су моншақ, тоқыма құрастыру т.б. әсем, түрлі бұйымдарын жасауға қызығады.

| №      | Өтілетін тақырыбы                                                                                                                                                                                          | Сағат саны      | теория | Теория |
|--------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|--------|--------|
| 3-4 кл |                                                                                                                                                                                                            |                 |        |        |
| 1      | Техникалық еңбек кіріспе ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер. Үйірменің мақсаты, маңызы, қолданылуы, әдіс-тәсіл жұмыс түрлері. Қажеттілік материал әзірлеу, жұмыс орны ережелерімен таныстыру. | 1               | 1      |        |
| 2      | <b>Көркем еңбек.</b>                                                                                                                                                                                       | <b>3</b>        |        |        |
|        | 1. Қолданбалы еңбек. Шеберлер. Туынды жұмыстарымен, еңбектерімен таныстыру.                                                                                                                                | 1               | 1      |        |
|        | 2. Ұлттық безендіру, картон қағаз, түрлі материалдардан.                                                                                                                                                   | 1               |        | 1      |
|        | 3. Жапсырмалау                                                                                                                                                                                             | 1               |        | 1      |
| 3      | <b>Ою-өрнек жұмысы</b>                                                                                                                                                                                     | <b>6</b>        |        |        |
|        | 1. Ою-өрнек туралы тарихи мәлімет беру                                                                                                                                                                     | 1               | 1      |        |
|        | 2. Ою түрлері және дайындалу реттілігі                                                                                                                                                                     | 1               |        | 1      |
|        | 3. Ою-өрнек сән үлгілерін жасау (ою өрнек түрлерін құрастыру)                                                                                                                                              | 2               |        | 2      |
|        | 4. Ою-өрнек түрлерін қағазға жапсырмалау                                                                                                                                                                   | 2               |        | 2      |
| 4      | <b>Сәндік қолданбалы өнер</b>                                                                                                                                                                              | <b>5</b>        |        |        |
|        | 1. Көркем қолөнер элементтерінің қолданыста пайдалану технологиясы                                                                                                                                         | 1               | 1      |        |
|        | 2. Тұмарша, қобдиша, қоржын бұйымдар жасау                                                                                                                                                                 | 4               | 1      | 3      |
| 5      | <b>Су моншақпен жұмыс</b>                                                                                                                                                                                  | <b>7</b>        |        |        |
|        | 1. Моншақ туралы түсінік.                                                                                                                                                                                  | 1               | 1      |        |
|        | 2. Қолданылуы. Су моншақпен бұйымдар бедерлеу.                                                                                                                                                             | 3               | 1      | 2      |
|        | 3. Су моншақтардан әшекей бұйымдар жасау.                                                                                                                                                                  | 4               |        | 4      |
| 6      | <b>Апликация</b>                                                                                                                                                                                           | <b>7</b>        |        |        |
|        | 1. Жапсырмалау тәсілдері                                                                                                                                                                                   | 1               | 1      |        |
|        | 1. Жапсырмалау әдісімен әртүрлі бұйымдар жасау                                                                                                                                                             | 2               | 1      | 1      |
|        | 2. Жапсырмалау әдісімен панно жасау                                                                                                                                                                        | 2               |        | 2      |
|        | 3. Жапсырмалау әдісімен гүл шоқтарын жасау                                                                                                                                                                 | 2               |        | 2      |
| 7      | <b>Қағаз бүктеу өнері</b>                                                                                                                                                                                  | <b>3</b>        |        |        |
|        | 1. Түрлі-түсті қағаздан гүл жасау                                                                                                                                                                          | 1               |        | 1      |
|        | 2. Қағаздан сыйлық бұйымдар жасау                                                                                                                                                                          | 1               |        | 1      |
|        | 3. Ақ қағаздан карнавалдық костюм жасау                                                                                                                                                                    | 1               |        | 1      |
| 8      | <b>Қортынды бөлім</b>                                                                                                                                                                                      | <b>2</b>        |        |        |
|        | 1. Көрмеге дайындық                                                                                                                                                                                        | 1               |        | 1      |
|        | 2. Көрме ұйымдастыру                                                                                                                                                                                       | 1               |        | 1      |
|        | <b>Барлығы:</b>                                                                                                                                                                                            | <b>34-сағат</b> |        |        |

**Пайдаланылған әдебиеттер: (Оқушларға)**

Аруана баспасы «Сен білесің бе?» атты тарихи этнографиялық кітаптар топтамасы.

Салт-дәстүрлер

«Асыл сөз аталары»

Автор: З. Сейітжанов.

Автор: К. Матажанов.

Автор: Ж.Ш. Барымбеков.

Балаларға арналған «Бала би» танымдық журналы.

Бас редакторы: Гүлсім Мұқышева.

Ай сайын шығатын Республикалық әдістемелік журналы. 2007 №3, 2007 №7, 8.

Бас редакторы: Әбиева Фарида Бейбітқызы.

**Пайдаланылған әдебиеттер: (Мұғалімдерге)**

Ай сайын шығатын «Технология» Республикалық әдістемелік журналы.

Бас редактор Әбиева Фарида Бейбітқызы 2006, 2007, 2008, 2009.

Ай сайын шығатын қоғамдық-саяси, әдеби- көркем және суретті «Қазақстан әйелдері» журналы. 2004, 2005, 2008, 2009 ж

Бас редактор: Баққожа Мұқағали.

Маргулан А.Х. Казахское народное Прикладное искусство- Алма-Ата: Өнер 1986,256 бет.

Шоқпарұлы .Д. Тері өңдеу өнері, Мектептегі технология



«БЕКІТЕМІН»  
Мектеп директоры:  
*И.К.* Кудайрзина.М.К.  
«28» 08 2020 жыл

«КЕЛІСЕМІН»  
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
*Ш.Ш.* Шыныбаева.Л.С.  
«28» 08 2020 жыл

## Күнтізбелік-тақырыптық жоспар /Шебер қолдар / 5-6 сынып

Пән мұғалімі: Науырызбаева С.К.

## Түсінік хат

### Бағдарламаның мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

### Бағдарламаның міндеті:

Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу. Шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету.

Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Қазір ел болып егемендік алып, көк туымыз желбіреп, әлемдегі тұрағы биік елдермен терезесі тең өмір сүріп келеміз. Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Елімізді-2030 жылы «Ақ барысқа» айналдыратын күш - бүгінгі оқушы балалар екені де анық.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Олай болса, біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүние танымы, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман жастарды тәрбиелеу.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйрету.

Бұл авторлық бағдарлама, бұл бағдарламаны жасауда өзімнің жылдар бойы жасаған тәжірибемді пайдаландым. Бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты 5–9 сыныпта оқитын оқушыларға арналған. Бағдарлама 2 оқу жылына арналған. Сабақтың түрлері: баяндама, лексия, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, сауалнама, кездесулер түрінде, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы жүзеге асырылады. Күтілетін нәтижелер: оқушылар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепішілік, аудандық көрмеде көруі.

Бағдарламаны жүзеге асырудың қорытынды түрі мектепішілік, аудандық көрмеге жұмыстарды шығару. Бұл бағдарлама ІІ бөлімнен тұрады.

Көркем еңбек бөлімінде ұлттық киім түрлері, әйелдер мен ерлер киімдерін түрлі материалдан қиып жапсыру үйретіледі.

Тұрмыстық еңбек бөлімінде әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру үйретіледі.

Жұмсақ бейне ойыншықтар бөлімінде жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясы үйретіледі.

Жапсырмалау жұмысы бөлімінде қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан ертегілер әлемінен көрініс құрастыруға үйретіледі.

Былғарымен жұмыс жасау бөлімінде былғарыны тазалау, бояу, пішу, одан әртүрлі бұйымдар жасау үйретіледі.

Ою-өрнек бастырмалар бөлімінде ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері үйретіледі.

Сәндік қолданбалы – өнер элементтері бөлімінде шолпы, алқа, білезік, тұмарша бұйымдарын жасау үйретіледі.

Су моншақ тоқып үйрену бөлімінде моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен кестелеу жұмыстарына үйретіледі.

Тоқыма-өнері бөлімінде тоқу әдістеріне үйретіледі.

«Қолөнер - еңбектің қайнар көзі» үйірмесінің бағдарламасы оқушыларға тәрбиелік мәні бар, көркемдік шеберліктің үлгісі. Бүгінгі шәкірттерді, еңбекқор, жан-жақты икемділік қабілеттері жетілген азамат етіп тәрбиелеуді көздейді. Бағдарлама бойынша жас ерекшеліктеріне, байланысты орта 5–6 сыныпта, ересек 7-9 сыныпта оқитын оқушылармен сабақты ұйымдастыру әдістемесін, теориялық сабақтар мен практикалық жұмыстар үшін уақытты дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарлама негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептердің және қосымша білім беру мекемелерінің технология пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

*Бағдарлама түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:*

Әрбір жетекші мұғалім өз пәнін жақсы біліп қана қоймай, үнемі ізденіс үстінде болу керек, жұмыс жасауға қажетті материалдарды көркем әдебиеттерден, баспа сөз беттерден, ақпарат құралдарынан іздестіре отырып, тақырыпқа байланысты элементтерін, дайын бұйым түрлерін, слайд-фильмдерді, әсіресе компьютер арқылы фото туындылары т.б.с.с. көрнекі материалдарды барынша пайдаланып, көп еңбектенуге тура келеді.

Қазір оқушыларымыз өнердің барлық түрлерін, қолөнер еңбекке икемділіктерін үйірме жұмыстарымен айналыса отырып толық меңгеруге тәрбие берудің деңгейін көтеріп, мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қажеттілігінің туындауын шығармашылық іс-

әрекеттерімен көрсетуде.

Оқушыларға арналған қосымша білім берудегі балалар шығармашылық үйінің оқу жоспарына сай үйірменің күнтізбелік жоспарының құрылымы 216 сағатқа, аптасына 3 сағаттан 2 рет өтілу берілген.



**Техникалық еңбек — 9 сағат.**

Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Қағаздың маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, эскиздер жасау.

**Көркем еңбек — 12 сағат.**

Қолданбалы еңбек халық шеберлерінің еңбек жұмыстарымен танысу. Ұлттық киім түрлері. Обфелдер мен ерлер киімдері. Түрлі материалдан киімдерді киіп жапсыру.

**Тұрмыстық еңбек — 27 сағат.**

Қолөнер көркемдік бұйым материалдарынан әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Жұмысқа бейне ойыншықтар — 24 сағат.**

Әр түрлі бұйымдар жасау (жануар, құстар, адам, жәндіктер) технологиясымен таныстыру. Сызба, пішу, құрастыру, тігу, безендіру.

**Жапсырмалау жұмысы — 18 сағат.**

Қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан құрастыру. Ертегілер әлеміне көрініс жасау. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

**Былғарымен жұмыс жасау — 18 сағат.**

Былғары өңдеу туралы түсінік беру, тазалау, бояу, пішу, онымен жұмыс жасалатын құрал-жабдықтармен таныстыру және қолдана білу. Әр түрлі бұйымдар жасау.

**Ою-өрнек бастырмалар — 6 сағат**

Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Сәндік қолданбалы өнер элементтері — 30 сағат.**

Көркем қолөнер технологиясына түсінік. Шолпы, алқа, білезік, тұмарша, бұйымдар жасау.

**Адамгершілік қасиеттер — 18 сағат.**

Шыншылдық, абырой, салауаттылық, жаман әдеттер, жол және өрт қауіпсіздігі, сақтық шаралар, электр құрал-саймандарын пайдалану жөнінде түсініктер. Ата-баба тәрбиесі әлеміне саяхат. Әдеппен сөйлеу дәстүрі.

Отбасындағы әдеп. Қонақ күту салттары. Табиғат аясына серуен. Табиғи материалдармен жұмыс жасау. Табиғи материалдарды жинақтау, жапсырмалау.

**Су моншақ тоқып үйрену — 27 сағат.**

Моншақ туралы жалпы мағлұмат, моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен маталар кестелеу.

**Тоқыма өнері — 27 сағат.**

Току өнері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Току әдістерін үйрету, дайындау, соңғы өңдеу жұмыстары.

*Құрал-жабдықтар пайдалану барысында оқушылар:*

- ине, қайшы, бізбен жұмыс жасауды;
- қол тігістерін орындап, техникалық қауіпсіздік ережені сақтауды;
- киіп, қосып біріктіру тігістерін орындай білуі;
- жапсырма жұмыстарға желімді пайдалануды;
- құрал-жабдықтар мен өлшем таспаны қолдана білуі;
- түстерді дұрыс сәйкестендіре білуі;
- сурет сала білуі;
- бұйымды эскизін орындай білуі;
- ине жіптерді әр түрлі бұйымдарға қолдана білуі;
- шаблон үлгілерін дайындауды білуі;
- технологиялық карталармен жұмыс істей білуі;
- үтікпен жұмыс жүргізуді білуі.

*Еңбек қауіпсіздік ережелері, инемен жұмыс істеу тәртібі:*

1. Инені ине түйрегішке ғана түйреп салу керек;
2. Инені киімге түйреуге, ауызға салуға болмайды;
3. Жіпті тістеп кесуге болмайды;
4. Инені алушыға сабақталуды жағымен беру керек;
5. Сынған инені жерге тастауға болмайды.

*Үтікпен жұмыс істеу тәртібі:*

1. Үтіктер алдында өткізгіштің үзілген жерін тексеру керек;
2. Ылғалды қолмен тоққа қосылатын үтікті ұстауға тыйым салынады.
3. Үтікті мата түріне қарай қыздыру керек.

*Қайшымен жұмыс істеу тәртібі:*

1. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағын өзіңе қаратып бер;
2. Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.

*Желіммен жұмыс істеу тәртібі:*

1. Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек;
2. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолыңды жууың керек;
3. Жұмыс кезінде арнайы сүлгі ұстауың керек.

Нормативтік бөлім

| №  | Өтілетін тақырыбы<br>5-6 кл                                                                                                                                                                                                                                 | Барлық сағаты | Осының ішінде  |                  |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|----------------|------------------|
|    |                                                                                                                                                                                                                                                             |               | Теориялық жағы | Тәжірибелік жағы |
| 1. | Техникалық еңбек кіріспе ұйымдастыру жұмыстары. Технологиялық мәліметтер. Үйірменің мақсаты, маңызы, қолданылуы, әдіс-тәсіл жұмыс түрлері. Қажеттілік материал әзірлеу, жұмыс орны ережелерімен таныстыру.                                                  | 9             | 3              | 6                |
| 2. | Көркем еңбек. Қолданбалы еңбек. Шеберлер, туынды жұмыстарымен, еңбектерімен таныстыру. ұлттық безендіру, бедерлер көркемдік өнер бейнелерді киіндіру картон қағаз, түрлі материалдардан. Тігіс, жапсыру, есу әдіс-тәсілдері ұлттық қуыршақ үлгісімен жасау. | 8             | 2              | 6                |
| 3. | Тұрмыстық еңбек. Қолданбалы сәндік, көркем өнер, бұйым, әйнектен жапсырма және ыдыстарды мүсіндеу немесе қалыптау. Ыдыстарды әр түрлі материалдан құрастырма жапсыру.                                                                                       | 10            | 4              | 6                |
| 4. | Жұмсақ бейне ойыншықтар жасау. Жануарлар, құстар, адам, жәндіктер түрлерін жасау, сызба тігу.                                                                                                                                                               | 10            | 2              | 8                |
| 5. | Жапсырмалау жұмысы. Апликациялық қиылыстыру арқылы «Ертегілер елінде». Мата, былғары, фальга, өсімдік түрлерімен композициялау, көрініс жасау.                                                                                                              | 10            | 9              | 9                |
| 6. | Былғарымен жұмыс. Былғары өңдеу туралы түсінік беру, тазалау, пішу, бояу. Жұмыс жүргізу құрал-жабдықтармен таныстыру. Әдіс-                                                                                                                                 | 18            | 2              | 16               |



|     |                                                                                                                                                                                                        |    |   |    |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|---|----|
|     | тәсілдерін меңгеру.                                                                                                                                                                                    |    |   |    |
| 7.  | Ою-өрнек жұмысы. Ою-өрнек туралы тарихи мәлімет беру. Шығу тарихы. Қазіргі қолданыста ою-өрнек ерекшелігі, ою-өрнек сән үлгілерін жасау; (қалауынша) жұмыс )кііз үй, тұмарша).                         | 6  | 2 | 4  |
| 8.  | Сәндік қолданбалы өнер. Көркем қолөнер элементтерінің қолданыста пайдалану технологиясы. Тұмарша, қобдиша, қоржын бұйымдар жасау.                                                                      | 18 | 2 | 16 |
| 9.  | Адамгершілік тәрбиесіне саяхат. «Салауаттылық, жарқын болашақ», «Жаман әдет кесірі көп», ( Жол қауіпсіздік шарасымен танысайық), «Әдепті сөйлеу мәдениеті», «Отбасындағы тәрбие», «Мамандыққа саяхат». | 11 | 4 | 7  |
| 10. | Су моншақпен жұмыс. Моншақ туралы түсінік. Қолданылуы су моншақпен бұйымдар бедерлеу, кестелеу. 14                                                                                                     | 18 | 2 | 16 |
| 11. | Тоқыма өнері. Тоқу өнері туралы түсінік беру, керекті құралдармен танысу. Тоқылу әдіс-тәсілдерін технологиясын меңгеру, үйрену, жұмыс жүргізу.                                                         | 18 | 2 | 16 |